

**Созылмалы сәуле ауруының
деңгейлері. Ауыл шаруашылық
тізбегі бойынша (топырақ,
өсімдік, мал өнімдері)
радиоизотоптардың көшуі.**

Малдың созылмалы сәуле ауруы аз
доза мөлшерімен ұзақ уақыт
сырттай бірнеше рет қайталанып
сәулеленгенде, сонымен қатар
организм ұлпаларында ұзақ уақыт
сақталатын радиоактивті
изотоптардың ішке түсуінен пайда
болады.

- Созылмалы сәуле ауруы
 - Жеңіл (бірінші)
 - Ауыр (үшінші)
 - Орта (екінші)

Жеңіл (бірінші) деңгейі

Қан құрамының әлсіз морфологиялық өзгерістерімен, жүрек қан жүйесі, ішек-қарын жолдарының жұмысының қалпына келетін функциональды бұзылуымен сипатталады. Қан жасушаларының саны қалыпты мөлшердің төменгі шекарасында болады немесе әлсін – әлсін одан да төмендеп, қайтадан осы қалпына дейін жоғарылайды. Нейтрофилдер өзгереді. Ядроның пикнозы байқалады. Қандағы эритроциттердің саны аз өзгереді. Кейде тромбоцитопения байқалады. Аурудан кейінгі кезеңдерде организмнің ерте қартаюы жүреді.

Орта (екінші) деңгейі

Кезінде, жеңіл деңгейге қарағанда қан түзу ағзаларының жұмысы айтарлықтай бәсеңдейді және геморрагиялық құбылыстар (кілегей қабықтарында, теріде) дамиды. Нәтижесінде лимфоциттер мен нейтрофильдердің абсолютті мөлшері төмендейді, жалпы лейкоциттердің саны жайлап төмендейді. Дегенеративті өзгерген ядролары бар нейтофилдер пайда болады.

Тромбоцитопения дамып, аздаған эритроцитопения байқалады. Зат алмасуы, ішкі секреция бездерінің жұмысы бұзылады, гипопротеинемия, гипогликемия дамиды.

Ауыр (үшінші) деңгейі

Организмде қалпына келмейтін өзгерістердің туындауымен, малдың жалпы жағдайының өте төмендеуімен, ұлпалардың регенеративті қабілеттерінің жойылуымен сипатталады.

Лейкоциттер мен тромбоциттердің саны прогрессивті төмендейді (лейкоциттер 70-80%-ға дейін), жайлап анемия дамиды. Ауру толқын тәріздес өтеді, малдың жалпы жағдайы кейде күрт төмендейді, кейде жақсараяды, аурудың клиникалық белгілері кейде жоғалады да кейде қайтадан пайда болады. Артериальдық қан қысымы төмендейді. Қарынның және ішектің секрет бөлу және жиырылу функциялары бұзылады. Іш өту пайда болады.

Арай қандай оқу оқиды?

Мал

авы

вку

укр

Екегркер

